

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі

Диссертант зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

2.1 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың теориялық негіздерін айқындаған. Ерте жастағы баланың жас аралығы кезеңдерінің ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп, «ерте жастан дамыту», «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» түсініктеріне анықтама берген.

2.2 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы қазақ халық шығармашылығының мүмкіндіктерін айқындаған және оны ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың құралы екендігін негіздеп, педагогикалық жіктемесін жасаған.

2.3 Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытуды модельге түсірген және оның мазмұндық құрамын анықтаған. Аталған дамудың өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындаған.

2.4 Ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың кешенді бағдарламасын жасаған және оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін анықтаған.

Алынған *бірінші ғылыми нәтиженің дәлелділігі мен негізділігі* шетелдік және республикалық ғылыми әдебиеттерге жасаған талдауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, ерте жастан дамыту, белсенділік, танымдық белсенділік зерттелген еңбектерді негізге алуымен де дәлелденеді. Докторанттың осы зерттеулерді талдап қана қоймай, ондағы ойларды өз пікірімен нақтылай түсуі мен түйінді ұғымдарға өзінің анықтамаларын беруі де алынған нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

М.Ибраеваның қазақ халық шығармашылығын ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігі тұрғысынан негіздеуде этнография, өнертану, психология, педагогика саласында зерттелген еңбектерді жан-жақты талдауы негізінде педагогикалық жіктемесін жасауы оның *екінші ғылыми нәтижесінің негізділігін* көрсетеді.

Сондай-ақ оның *үшінші ғылыми нәтижесі* ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың мазмұндық құрылымын анықтап, олардың әрбірін ғылыми тұрғыда *негіздеуімен*, осы қалыптастырудың моделін жасауымен дәлелденеді.

Төртінші нәтиженің негізділігі мен дәлелділігі диссертанттың мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандартына, типтік бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдарына жасаған талдауы және педагогикалық әдебиеттерді тірек етуі негізінде «Сәби танымы» кешенді бағдарламасын мазмұнын және оны жүзеге асыру әдіс-тәсілдерін, формаларын негіздеуімен дәлелденеді.

**Ибраева Магрипа Курманбекованың
6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық
шығармашылығы құралдарымен дамыту» атты диссертациялық
зерттеуіне рецензенттің**

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі уақытта қоғамдық және жеке сананың жаңғыруы жағдайында білім беру саласын, соның ішінде мектепке дейінгі мекемелердің қызметтерін қайта қарау, балаларды ерте жастан дамыту – бүгінгі күннің негізгі міндеттеріне айналып отыр. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздерінде балаларды табысты әлеуметтендірудің бастапқы мүмкіндіктері өмірлік циклдің бірінші жылдарында қалыптасатындығы көрсетілген. Өйткені, ерте жас (1-3 жас) – адам өмірінің ең маңызды, әрі жауапты кезеңі болып табылады. Дәл осы кезеңде таным белсенділігі, өзіне, өмірге сенімділік, адамдармен қарым-қатынас, шығармашылық мүмкіндіктер, жалпы өмірлік белсенділік және т.б. басты қасиеттер қалыптасады. Оның үстіне технологиялар мен технократтық ілімдер дамуы барысында заманауи талаптарға сай баланың танымдық, шығармашылық белсенділігі ерте жастан басталуы тиіс екендігін ескерсек М.Ибраеваның диссертациясының өзектілігі артады.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеуде осы жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы арқылы дамытудың қарастырылуы оның маңыздылығын арттыра түседі. Олай дейтініміз, қазақ халық шығармашылығы құралдары – ауыз әдебиеті (ертегілер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар), сәби ғұрыптық жырлар, ұлттық би қимылдары, ойын фольклоры, қолөнерінің түрлері және т.б. ерте жастағы балалардың қабылдау, қиял, зейін, жады, ойлау психикалық құбылыстарына, сөйлеу коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіне, тілін дамытуға тез ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Оның үстіне диссертацияда олардың ерте жастағы балалардың сөйлеу, айту, ойнау, билеу, сипап-сезу, ұстап көру, жасай алу мүмкіндіктеріне бейім түрлерінің іріктеліп, пайдалану жолдарының ұсынылуы орындалған диссертациялық жұмыстың көкейкестілігіне күмән тудырмайды.

Олай болса, М.К.Ибраеваның диссертациялық еңбегінің ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту» тақырыбында жазылуы, оның өзекті мәселені зерттеп отырғандығын дәлелдейді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі

Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы диссертант алыс, жақын шетелдердегі және республика ғалымдарының «белсенділік», «танымдық белсенділік» мәселесіне арналған еңбектерін жан-жақты зерттеген. Ерте жастан дамыту, ерте жас кезеңдері, ерте жастағы балалық физикалық және психикалық даму ерекшеліктері зерделенген психологиялық, педагогикалық, зерттеулерге талдау берген (I. §1).

Нәтижесінде ерте жас аралығын нақтылап, «ерте жастан дамыту» ұғымына өз түсінігін берген. Докторанттың ерте жастағы балалардың танымдық белсенділік қабілетінің артуын олардың психикалық үдерістерінің (қабылдау, қиял, тіл, зейін, ес, ойлау) дамуына байланыстыра отырып теориялық тұрғыдан негіздеуі алынған жаңалығының құндылығына күмән туғызбайды. Және олардың өзара байланысын анықтаған. Диссертацияда осы ұғымдардың мәні мен мазмұны толық сипатталған.

Сондай-ақ М.Ибраеваның бірінші жаңалығының құндылығы «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» ұғымының мәнін анықтауы болып табылады. Осы мақсатта автор ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың механизмін жасаған. Соның негізінде «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігіне – оның жаңаны қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау әрекеттерінің көрінісі» деп анықтама берген (I. §1). Оның осы аталған әрекеттерді ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігінің құрамында қарастыруы психологиялық-педагогикалық ғылым тұрғысынан ойға қонымды шыққан. Бұл теориялық жаңалығы тұрғысынан ғылым үшін де, практика үшін де маңызды саналады.

Екінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы - автор қазақ халық шығармашылығы мәселесі қарастырылған ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдаған. Осы еңбектердегі қазақ халық шығармашылығы түрлеріне, олардың тағылымдық мүмкіндіктеріне аса мән бере отырып, олар туралы өз ой-тұжырымдарын дәлелді түйіндеп, көзқарасын білдірген. Нәтижесінде қазақ халық шығармашылығы құралдарын анықтау негізінде оның ерте жастағы балаларға арналған педагогикалық жіктемесін (ауыз әдебиеті, музыка, ойын, қолөнер) жасаған. Диссертацияда осы жіктеменің ерекшеліктерін негіздеуде ерте жастағы балалардың жас кезеңдері, тәрбие мазмұны, психикалық үдерістері, танымдық белсенділігі дамуы теорияларына сүйенгендігі көңілге қонымды шыққан (I. §2). Соның негізінде ол қазақ халық шығармашылығы құралдарын іштей іріктеген. Мәселен музыка тобына бесік жырын, мәпелеу жырын, сәбилік ғұрып жырын, ұлттық би қимылдарын жатқызады (I. §2). Осы айтылғандар екінші ғылыми жаңалығының жаңа екенін дәлелдей түседі.

Үшінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы – ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту моделі алғаш рет жасалды. Автордың анықтап,

жүйелеп модельде ұсынған *тұжырымдамалық ұстанымдарының, принциптерінің, әдістерінің, формаларының, құралдарының мазмұны* оның зерттеу проблемасын терең білетіндігін көрсетеді. Өйткені автор модельдің әрбір мазмұндық компонентін жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұрғыдан саралап негіздеген. Мәселен, тұжырымдамалық жиынтыққа мақсатын, әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдарын, технологиялық жиынтыққа мазмұнын, әдістерін, формаларын, құралдарын ендіреді. Сондай-ақ олардың әрбір топтамасын іштей топшаларға бөліп, оларға жан-жақты сипаттама берген (I.§3).

Автордың үшінші жаңалығының жаңа екендігін ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігінің дамуын айқындайтын *өлшемдерінің, көрсеткіштері мен деңгейлерінің алғаш рет* жасалуы да дәлелдей түседі. Олардың компоненттерінің (*қажеттілік-құштар болу, байқап-білу, үйреніп-жасау*) (I.§3) автордың өзі жасаған ерте жастағы баланың танымдық белсенділігінің мазмұндық құрылымына (*қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау*) (I.§1) сәйкес келуі еңбектің теориялық мәнділігін күшейте отырып, ғылыми нәтижелерінің логикалық байланысына күман келтірмейді. М.Ибраеваның осы даму деңгейлерін әдеттегідей төмен, орта, жоғары деп көрсетпей, ерте жастағы баланың дамуына лайықты және өзі анықтаған теориясына сәйкес *құштарлық белсенділік, талпынысты белсенділік, саналы белсенділік* (I.§3) деп анықтауы алынған үшінші жаңалығының маңыздылығын арттырады.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы ерте жастағы балаларға арналған «Сәби танымы» кешенді эксперименттік бағдарламасының алғаш рет жасалуы болып табылады. Осы мақсатта автор аз еңбектенбеген мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандартына, типтік оқу бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдарына, сондай-ақ ерте дамыту орталықтарының оқу-ойын ұйымдастырушылық іс-әрекеттеріне талдау жасаған. Соның нәтижесінде аталған бағдарламаның мазмұнын үш бағытта (педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша дәріс-семинарлар, ата-аналармен бірлестіктегі жұмыс, ерте жастағы балаларға арналған оқу-ойын іс-әрекет түрлері) қарастырған. Сондай-ақ, оны педагог-бала-ата-ана жүйесімен жүзеге асырудың формаларын, әдістері мен құралдарын негіздеген. Бағдарламаның бірізділікте мазмұнды берілуі және оның тиімділігінің дәлелді көрсетілуі ғылыми еңбектің құндылық деңгейін жоғарылатады. Және докторанттың і өз проблемасын жоғары деңгейде білетіндігін дәлелдей түседі.

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағыттталатындығы

М.Ибраеваның зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған қорытындылары мазмұнды құрылған ішкі біртұтастығымен, зерттеудің басты мақсатына – ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытуды

ғылыми тұрғыдан негіздеп, модельге түсіріп және оларды мектепке дейінгі мекемелердің оқу-ойын ұйымдастыру іс-әрекетінде пайдалану жолдарын анықтауымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының осы тұрғыда бағытталуы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы әрбір бөлімдердің өзара идеялық байланыстылығымен автордың теория мен практикаға енгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады.

Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында бүгінгі күндегі көкейкесті проблема алғаш рет теориялық-әдіснамалық тұрғыда шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесінде пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы автордың қазақстандық және шетелдік мерзімді ғылыми басылымдарда, нөлдік емес импакт факторлы журналдарда және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында басылым көрген. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми еңбегі жарияланған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертацияда жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар кемшіліктер бар:

1) диссертанттың ерте жастағы балалардың дамуында ата-аналардың рөліне баса назар аударып, олармен бірлестіктегі жұмыс түрлерін өзі жасаған кешенді бағдарламасында қамтығаны қуантарлық жағдай. Алайда диссертацияда ата-аналармен бірлестіктегі жұмыс түрлерін толық мазмұндағанда еңбектің тиімділігі артпаса, кемімес еді.

2) докторанттың диссертацияның 2.1 параграфында ерте жастағы балаларға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасына талдау бергені өте орынды. Дейтұрғанмен осы бағдарламаның мазмұнында қарастырылған қазақ халық шығармашылығы құралдарын әлі де тереңірек талдай түскенде, зерттеудің практикалық маңыздылығы арта түсер еді.

3) диссертацияда ішінара стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Осы айтылған кемшіліктер ізденушінің диссертациялық жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Өйткені автор зерттеу міндеттерінің шешілуін ұтымды түрде таба білген. Еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы жан-жақты шешілген.

Қорыта айтқанда, ұсынылып отырған «Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту» тақырыбындағы диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Мағрипа Курманбековна Ибраева 6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық, деп есептеймін.

Рецензент,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент



А. А. Капенова - А. А. Капенова
Жетісу мемлекеттік университетінің
кадрлар бөлімінің маманы
Қолы *Капенова*
РАСТАЙМЫН